«Суындық» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# Кітапхана әлеміне саяхат

**Кітапхана әлеміне саяхат**

**Кітапханашы:** Сәлеметсіздерме құрметті оқушылар ұстаздар! Міне ки кеше ғана мектебіміздің алғаш табалдырығын аттап , 1 –сынып қатарына қабылданған оқушыларымыз мектеппен, мектеп сыныбымен, алғаш ұстаздармен, дене шынықтыру залымен, асханамызбен танысып, бүгінгі күні кітапханамызбен таныстырғалы отырмыз.Балалар , Библиотека-«библио»- кітап, «тека»- сақтау- бұл кітаптарды сақтайтын орын немесе кітаптар тұратын үй деп аталады.Абонемент- кітапты үйге оқуға беретін бөлім. Оқу залы- мұнда газет, журналдардың жаңа сандарын , сөздіктер мен энциклопедияларды пайдаланады. Оқу залында кітап үйге берілмейді.Кітапханашы- кітапхананың иесі- сенің ең жақын досың. Міне бүгін сендерді Ана тілі оқулығымен бірге кітапхананың ғажайып әлемінде қарсы алып отырмыз! Бүгінгі ертеңгілікке ертегілер елінен келген кейіпкерлермен таныс блоыңдар. Бүгінгі күннен бастап , сендер кітапхананың ең кішкентай оқырмандары боласыңдар. Ана тілі- сен біздің ертеңгілікке ертегілер елінен келген достарыңды таныстырасың ба?

**«Ана тілі» оқулығы:** Иә, достар бүгінгі мерекеге менің сүйікті достарым да келіп отыр.

**Алдар көсе:** О, құрметті қонақтар! Мен сендерге ертегілер елінен келіп тұрмын.

- Мені таныдыңдар ма?
- Мен Алдармын, Алдармын,
- Досымын адал жандардың
- Жақсыларға талай серік боп,
- Жамандарды талай алдадым.

Менің қоржынымда мерекеге келе алмаған ертегі кейіпкерлерінің жедел хаттары бар. Енді хаттарды ашып, оқып көрейік.

1. «Мерекеге келгім келеді , бірақ құйрығымды Мақта қыз кесіп алды, құйрықсыз бара алмаймын.»(Мысық)
2. «Мерекеге сондай барғым келеді , бірақ африкадағы аңдар ауырып қалды, соларға баруым керек» ( Айболит)
3. «Мерекеге келгім-ақ келеді бірақ арыстан мені жібермейді » ( Тышқан)
4. «Мерекеге асығып келе жатқанда, түлкі мені бірақ жеп қойды» (Түлкі)
5. «Сендердің мерекелеріңе келгім-ақ келеді, бірақ мысық мені қатты ашуландырып, көңілімді бұзды.» (Мақта қыз)
6. «Мерекеге барғым келеді, бірақ пеш тартпай жатыр.» (Жалқау Емеля)

**Арыстан:** Мен мықты арыстан,
Аңдардың патшасы.
Жауымның соғысқан,
Күл болған қаңқасы.
Ал, балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын,шешіп көріңдерші:
1 Білімнен мол сый-асы
Балғындардың ұясы.(Мектеп)
2 Білімнің дәнін тереді
Балаға тәлім береді. (Ұстаз)
3 Көреді бәрін өзгенің
Көрмейді бірақ өздерін. (Көз)
4 Бұдан кір қорқады,
Судан бұл қорқады. ( Сабын)

Балалар, сендер жұмбақтарды жақсы шешеді екенсіңдер ал, енді жаңылтпаш айта аласыңдар ма?

**1** Доп теп, тек,
Доптеп, кеп теп.

**2** Жақсы қайшы
Қайсы қайшы?

**Спанжи Боб:** Мен- Спанжи Боб , барлық әлемге танымалмын, мендей кейіпкер барлық балалармен үлкендердің жүрегін жаулап алды.Менің тұратын жерім Бикини Боттон қаласы, теңіз астында ананастан жасалған үйім бар. Достарым өте көп, ең сүйікті досым – Патрик.
-Ал, балалар сендер білесіңдер ме, Қазақстанда қандай мерекелер өтеді.? (Балалар жауап береді)

**Қызыл телпек:** (Адасып келеді)
-Қандай тамаша, мен өте қуаныштымын! Бүгін мінеки, достарыммен кездесіп, сендермен достасып отырмын. Әжемнің үйіне бара жатқанда, адасып кетіп бір заттар тауып алдым. Достар көмектесіңдер , бұл қай ертегі кейіпкерлерінің заттары: (Бауырсақ, асық, шалқан, туфли, етік)
**Кітапханашы:** Бүгінгі мерекеге кітап ханшайымы да келіп отыр. Балалар, сендер оны көргілерің келе ме? Олай болса, кітап ханшайымын ортаға шақырайық.
**Кітап ханшайымы:** О, құрметті достар, мен өте қуаныштымын! Жан-жақтарына қараңдаршы , кітаптар патшалығы қандай әдемі, үлкен жарық. Менің патшалығымның тұрғындары тек тыныштық сақтайды. Тағы бір досыммен таныстырғым келеді. О., ол әне өзі де келе жатыр екен ғой.
**Дәрігер:** Мен- дәрігермін, кітаптардың досымын. Кітаптарды емдеймін. Иә, иә таңқалмаңдар, біздің кітаптар ауырады, сарғаяды, беттері жыртылады,кітаптың арасынан түседі, сонда мен көмекке келемін. Кітаптарды емдеймін, беттерін түзеймін, ал кітаптар бізге ренжімесін десеңдер, онда балалар мына кеңестерді айтамын.
1 Кітапты таза қолмен ұстаңдар.
2 Кітаптың беттерін жыртпа.
3 Тамақ ішіп отырып, кітап оқыма.
4 Кітап жақсы сақталуы үшін оның сыртын қаптап ал.
5 Кітапқа шимайлап, сурет салуға болмайды.
6 Кітаптың арасына қалам, қарындаш салуға болмайды.
7 Кітапты оқып болғаннан соң кітапханаға уақытында тапсыр.

**Кітап ханшайымы:** Балалар бұл ережелерді ұмытпаңдар. Мінеки, сендер енді кітапты қалай пайдалануды, ұқыпты ұстау керек екендігін білесіңдер.

**Кітапханашы:** Қымбатты жас оқырмандар! Бүгіннен бастап, сендер біздің мектеп кітапханасының оқырмандарысыңдар. Мен сендерді құттықтаймын! Келешекте біздің кітапхананың кітаптарын оқитын, қадірлі оқырман болады деп сенемін.Кітапхана жайында бұданда көп білгілерің келсе кітапханаға жиі келіп, қызықты кітаптар оқуларыңа болады

Мәлімет

«Суындық» жалпы білім биртін мектепте мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында 1- сынып оқушыларын мектеп кітапханасымен таныстырылып ертегілер еліне саяхат жасалды.

